

# ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА\*

*Two Great Famous People in The Cultural History of Chinese Kazakhs*

**Елдос САУЫРҚАН\*\***

## **Аңдатпа**

Революциядан кейінгі саяси ситуациялар қазақ тұрмыс-тіршілігіне, мәдени өміріне тың серпін берді. Осы кезде Қытай қазақтары арасынан саяси, мәдени һәм ағартушы жаңа буын ұрпақ дүниеге келді. Олар жәдиттік реформаларды жақтады. Сонымен қатар Алаш қозғалысының қытай бетіндегі қолдаушыларына айналды. Ұлтты жаңа сапаға көтеру үшін мәдени, ағарту ісімен айналысты. Қаржы топтап газет-журналдар шығарды, мектеп ашты, оқулық жазды. Қытай қазақтарының ұлттық менталитетін сақтап қалуға, жазба әдебиеті мен мәдениетінің дамуына еңбек етті. Осы көрнекті тұлғалар қатарында Нұртаза Шалғынбаев пен Әбдіқадір Қасымұлы туралы айтуға болады.

**Кілт сөз:** Қытай Қазақтары, 20 ғасыр, Мәдениет, Нұртаза Шалғынбаев, Әбдіқадір Қасымұлы.

## **Abstract**

Post-revolutionary political situations gave a new impetus to Kazakh life and cultural life. At this time, a new generation of political, cultural and educational Chinese Kazakhs was born. They supported Jewish reforms. He also became a supporter of the Alash movement on the Chinese side. He was engaged in cultural and educational work to raise the nation to a new level. He raised money to publish newspapers and magazines, opened a school and wrote a textbook. He worked to preserve the national mentality of the Chinese Kazakhs, the development of written literature and culture. Among these prominent figures are Nurtaza Shalgynbayev and Abdykadir Kasymuly. These public figures have worked hard for the prosperity of the national spiritual potential of the Kazakh people.

**Keywords:** Chinese Kazakhs, 20th Century, Culture, Nurtaza Shalgynbayev, Abdykadir Kasymuly.

---

\* **Makale Geliş Tarihi:** 24.11.2021      **Yayına Kabul Tarihi:** 07.12.2021

\*\* Түркітанушы магистрант, пошта: erekejan@gmail.com, ORCID:0000-0003-0079-0420.

## KİRІСПЕ

Қытай қазақтарының саяси, мәдени һәм рухани жаңғыруы жолында тұтас бір ғұмырын сарп еткен тұлғалар қаншама. Өкінішке қарай, олардың ұлт руханиятына жасаған адал еңбектері бүгінгі тәуелсіз ұрпаққа толыққанды танылмай келеді. Аталмыш олқылықтың орнын толықтыру мақсатында халық жадында ұмытыла бастаған тұлғаларды қал-қадірімізше зерттеп көрдік. Тілге тиек етпекші болған көрнекті тұлғалардың өмір сүрген саяси дәуірін айшықтай түсу үшін, ХХ ғасыр басындағы Шынжаң өлкесі қазақтарының саяси жағдаятына шағын шолу жасағанды жөн көрдік. Қазақтар қандай саяси ситуациялардың нәтижесінде қалыптасқан қоғамдық, әлеуметтік өзгерістерге дөп келді? Шынжаң өлкесіндегі саяси түйіткілдер ондағы қазақтың мәдени өміріне қандай ықпалы болды? деген сұрақтарға алдымен жауап іздедік. Сонымен қатар ХХ ғасырдың 30-жылдары белгілі себеппен қытайға асқан Қазақстан зиялыларының Шынжаң бетіндегі қоғамдық, мәдени жұмыстарға қалай атсалысқанын назардан тыс қалдырмауға тырыстық. Бұның себебі 1905 жылдан кейін қалыптасқан Алаш қозғалысы және Алаш идеясы Алтайдың арғы бетіндегі қазақтардың саяси, мәдени өміріне тың серпін бере бастаған еді. Осы үдеріс негізінде 1918 жылдары Алаш арыстары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Р.Мәрсекұлы және С. Аманжолұлы қатарлы көрнекті тұлғалардың Шәуешекке сапары басталды.<sup>1</sup> Бұл сапардан соң Қытай бетіндегі қазақтардың мәдени әлеуеті жаңа сапаға көтерілгені анық. Кейін осы ізбен 1931-32 жылдары қазақ зиялылары Қытай қазақтарын тағы да паналады. Арғы бетке асқан сайдың тасындай оқыған зиялылар ағарту ісіне айрықша мән бергені белгілі. Әсіресе 1934-35 жылдары ол жақтағы

<sup>1</sup> Еркін Рахметолла, "Шығыс Түркістан һәм Алаш қозғалысы идеясы (Şiğis Türkistan hem Alaş kozgalısı)", <https://qazaquni.kz/basty-makalalar/53642-shygys-t-rkistan-am-alash-kozgalysy-id>, (алынған уақыты: 25.10.2021).

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

мектептерде оқыту жұмысымен айналысты. Тіпті Зият Шәкерім сияқты кейбір өрелі тұлғалар ондағы қазақ баспасөзің дамуына, әдеби көркем тілдің орнығуына ересен еңбек етті.

Шынжаң өлкесіне Қазақстан зиялылары түрлі саяси кезеңдерде келе бастады. Алғашқы лек 1916-1920 жылдары<sup>2</sup> Ұлт Азаттық және Алаш автономиясы үкіметі кезеңінде келсе, одан кейінгі буын легі 1931-32 жж орын алған ашаршылық зұлматы және саяси қуғын-сүргін жылдары кезеңінде келді. Ал ондағы қазақтар 1933-34 жж Шынжаңда құрылған Шэн Шицай<sup>3</sup> үкіметі кезеңінде екі түрлі көзқарастағы саяси жікке жарылды. Шәріпқан төре<sup>4</sup> бастаған ұлт зиялылары Шэн Шицаймен тікелей саяси байланысқа шықты. Бұған Қытайдағы қазақ зиялылары толық атсалысты. Ал, шығыс Шынжаң өңірінің алтын діңгегі атанған Әліптің ұлы Елісхан<sup>5</sup> бастаған саяси топ өкілдері, Шэн Шицай үкіметін мойындауға тіс-тырнағымен қарсы болды.<sup>6</sup> Сол себепті қазақтың аз санды бөлігі Елісхан Әліпұлына ілесіп Гансу, Цинхай провинцияларына қоныстанды. Шығысқа қарай ауған қазақтар Гоминьдан билігіне қарайтын Ма Буфаңның<sup>7</sup> әскери үкіметін паналады. Олармен ынтымақтастық орнатып саяси, әскери көмек алғысы келді. Тіпті әскери көмекті толықтай қамтамасыз қылса Шэн Шицай үкіметіне қарсы соққы жасауды жоспарлады.<sup>8</sup>

Шәріпқан төре Елісхан Әліпұлына хат жазып бірлесуді насихаттаса да ол бәрібірде көнбеді. Елісхан Әліпұлының Шэн Шицай үкіметімен отаса алмайтыны анық болды. Ол тұста Шэн Шицай орталық Қытай

2 Жәди Шәкенұлы, "Қытай қазақтары (Kitay kazaktarı)", *Inform*, [https://lenta.inform.kz/kz/zhadi-shakenuly-kytaykazaktary\\_a2922925](https://lenta.inform.kz/kz/zhadi-shakenuly-kytaykazaktary_a2922925), (алынған уақыты: 25.10.2021).

3 Шэн Шицай (1897-1970), *Шынжаң өлкесін 1933-1944 жылдары билеген өлке губернаторы*.

4 Шәріпқан Жеңісханұлы (1900-1941), *Алтай аймағырың губернаторы*, саяси қайраткер.

5 Елісхан Әліпұлы (1908-1943), *саяси қайраткер*.

6 "Баркөл Қазақтарының Шығысқа Аууы (Barköl kazaktarının şığıska avuvı)", *Іле Тарихи Материалдары*, 1-5 топтамасы, - Құлжа, б-190.

7 Ма Буфаң (1903-1975), *Цинхай мен Гансу провинциясын билеуші әскери шонжар*.

8 Кәрім Әкрәми, "Баркөл Қазақтарының шығысқа аууы (Barköl kazaktarının şığıska avuvı)", *"Баркөл Тарих Материалдары"*, б-139.

билігінен ат кекілін кесісіп, советтік саяси жүйенің қолдауына ие болған еді. Яғни Шынжаң өлкесі 1933-1941 жылдар арасы Гоминьдан билігінен ажырап дербес өлке ретінде сақталып тұрды.<sup>9</sup> Ал, Ма Буфаң әскери үкіметін паналап барған қазақтар бастапқыда үлкен қолдауға ие болды. Ол кезде Орталық қытай үкіметі Шынжаң мәселесінен қатты алаңдап өлкенің Советшіл болуынан қауіптенетін. Орталық билік Шэн Шицай үкіметінен босып өзіне саяси пана сұрап келген Елісханды бірден қолдауға көшті. Көп өтпей Гансу мен Цинхайға босқан қазақтарды өзіне тарту мақсатында Гоминьдан билігі<sup>10</sup> Ма Буфаңға елшілік жібереді. Ондағы басты мақсаты босып келген қазақтарды қаруландырып Шэн Шицай билігіне қайтадан соғысқа салу және шекара аймақты қазақтар арқылы басқару болатын. Бірақ орталық билікпен саяси ымыраға келісіп үлгермеген Елісхан тобы, Ма Буфаңмен арасы ашылып үлкен қайшылыққа тап болды. Бұл жағдай кейін қазақтардың Гансу, Цинхайдан Тибетті асып Пакистан мен Үндістанға босып кетуіне әкеліп соқты.

1933-34 жылдан кейін Шэн Шицай билігі Шынжаң жерінде түбегейлі орнаған соң өлкеде қайта құру кезеңі басталды. Әр ауыл, елді мекен сайын мешіт-медресе ашуға рұхсат берілді. Ашылған медреселерде жәдиттік оқу бағдарламасы жылы қабылданды. Көп санды мешіт-медреселерде діни сабақтармен бірге дүниеуи (математика, география, тарих) пәндері негізгі оқу бағдарламасы ретінде бірге жүргізілді.<sup>11</sup> Үкімет сол жылдары халықтың мешіт-медресе салуына, мектеп ашуына кедергі жасамады. 1934-35 жылдардан соң қазақтар тұрып жатқан барлық елді мекендерде жаппай мектептер ашылды. Ондағы оқулықтар түгелге дерлік Қазақ ССР-дан әкелінді. Біз баяндамақшы болған мәдени ағартушы

9 "Шынжаң үш аймақ төңкерісі тарихы (Şinjang üç aymak tönkerisi tarihi)", - Бейжің, "Ұлттар Баспасы", 6-5.

10 Гоминдань билігі, 1928 жылы Нанкин қаласында құрылған қытай үкіметі.

11 Yeldos, Sauyrkan, "Doğu Türkistan Bölgesindeki Kazakların Eğitim Tarihi (1900-1950)", Necmettin Erbakan Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi), Konya 2019, s. 95.

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

тұлғалар осы саяси кезеңдерде өмір сүрді. Өз заманы қаншалықты күрделі болуына қарамастан мәдени ағарту жұмысын еш ақсатпай жалғастыруға тырысты. Сонымен қатар 1934 жылы өлке орталығы Үрімжіде қазақ-қырғыз мәдени, ағарту ұйымы құрылды. Ұйым төрағалығына Сейітқазы Нұртаев<sup>12</sup> тағайындалды. 1935 жылдан бастап өлкелік ұйымның әр аймақ, аудандарда бөлімшелері ашылды. Ұйымның мақсаты үкіметтің ұлт саясатын толық пайдалана отырып, ұлттық мәдени һәм ағарту жұмысын көркейту еді. Осы принципт негізінде жаңа оқу орындары, ұлттық театрлар мен газет-журналдарды ашу жұмысы белсенді қолға алынды.<sup>13</sup>

Қытай қазақтарының саяси, мәдени һәм рухани жаңғыруы жолында тұтас бір ғұмырын сарп еткен көрнекті тұлғалар қаншама. Өкінішке қарай, олардың ұлт руханиятына жасаған еңбектері әлі толық насихатталмай келе жатыр. Аталмыш олқылықтың орнын толықтыру мақсатында халық жадында ұмытыла бастаған тұлғаларды қал-қадірімізше зерттеп көрдік. Жазбамыздың алғашқы бөлімі Қытай қазақтарының мәдени және саяси өміріне тікелей ықпал жасаған сондай ақ, ағарту ісімен белсенді айналысқан тарихи тұлға Нұртаза Шалғынбаев пен Әбдіқадір Қасымұлы Әпенді туралы баяндалады. Аталмыш тұлғалардың өмір жолы, жасаған ортасы сонымен бірге саяси һәм рухани гүлдену жолында ұлтқа қылған қызметтері тілге тиек етіледі. Олардың қалыптасуына әсерін тигізген Алаш идеясы мен жәдиттік қозғалыстың маңызды қырлары, аймаққа әсері және ықпалдастықтары қандай болған деген өзекті тақырыптар сөз болады. Мақаламыздың соңында, 20 ғасыр басындағы Қытай қазақтарының саяси, мәдени һәм рухани ағарту ісіне қызмет жасаған атаулы тұлғалардың тарихи мәні,

12 Сейітқазы Нұртаев (туған жылы белгісіз), Арқаның қазағы кейін Алтай бетіне өтіп Абақия медресесінде жәдиттік үлгіде дәріс берген, 1934-35 жылдары өлкелік қазақ-қырғыз ұйымының төрағасы болып тағайындалды.

13 Нұрлан, Сәрсенбайев, "Іле тарихи материялы (Іле тарихи материялдары)", Құлжа: "Іле газеті" Баспасы 2006, 6-155.

бүгін үшін өзектілігі және ескеруі тиіс түйіткілдері туралы шағын сараптама қортындысы жасалады.

### **АЛҒАШҚЫ МӘДЕНИ, САЯСИ АҒАРТУШЫ ШАЛҒЫНБАЕВ**

XX ғасырдың басы кезінде Қытайдың Шәуешек, Құлжа және Алтай қалаларын орталық еткен рухани мәдени жаңа бір кезең қалыптасты. Қазан, Уфа, Семей қалаларының татар, ноғай оқығандары мен байманап, ірі сауда шонжарлары осы қалаларды пана тұтып келе бастады. Олар келген бетте мешіт-медресе және заманауи үлгідегі мектеп ашты. Осы кезеңде әсіресе Шәуешек қазақтары бұрын-соңды болмаған жаңа рухани дүниемен танысты. Шәуешек қаласында ашылған жаңа үлгідегі мектептер қатарында “Омария” (1901), “Намуна” (1907), “Гүландамия” (1911), “Махмудия” (1930) мектептерін атауға болады. Осы оқу орнын тауысқан қазақ, татар, ноғай және өзбектер Тарбағатай өңірінің көптеген елді мекенінде діни медреселер мен жаңа оқу орнын ашты. Сонымен қатар 1880-1910 жылдар арасында Шәуешек өңірінде қажыға бару үрдісі де кеңінен етек алды. Қажы сапары барысында көрген Семей, Қазан, Ыстанбұл қалаларының заманауи һәм мәдени жетістігі қазақ игі жақсыларына тыңнан ой салды.

Қажы сапарынан оралған өлкенің игі-жақсылары өзі тұрған елді мекенде мешіт, медресе ашатын болды. Басты мақсат қараңғылықта қалған қаймана жұртты заманның ең жаңа өркениетіне жеткізу еді. Осындай көп игі жұмыстың басықасында Иса қажы Сонанбайұлы да болды. Иса, әкесі Сонанбай ақсақалмен бірге 16 жасында қажыға барған. Сонанбай ақсақалға Меккеде топырақ бұйырып, бала Иса сапардан аман оралған. Елге жеткен соң әке жолын жаңғыртып Жиек елді мекенінде мешіт-медресе ашады. Тарихи құжатқа “Иса қажы медресесі” деп сақталған бұл

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

мешіт-медресенің іргетасы Қ.Манжыбаевтың дерегінше 1907 жылы қаланыпты. Мақаламыздың арқауы болған Шалғынбаев осы мешіт-медресенің рухани дәрісінен өткен тұлға еді.

Бұл кезеңнің тағы бір ерекшелігі 1905 жылдан бастап кеңінен етек жайған Алаш қозғалысының ықпалын да ескермеу мүмкін емес.<sup>14</sup> “Айқап” журналы мен “Қазақ”, “Сарыарқа” газеттерінің тілшілері Шәуешекті назардан тыс қалдырмады. Шәуешек қазақтары да “Айқап”, “Қазақ” және “Сарыарқа” газетінің тұрақты оқырманы ғана емес, төл баспасөзді қаржыландыратын меценат қолдаушысы да болды. Ол туралы анық дәлелді “Сарыарқа” газетінің 1918 жылғы 25 сәуір және 8 шілдедегі сандарынан білуге болады. Аталған сандарда “Тілеулестік” деген атпен Алтай қазақтары, “Басқармаға хат” деген атпен Шәуешек тұрғындары қаржылай сома (2200 сом) жіберген әрі жолданған қаржының дерегін қадағалап, хат жазған.

Осымен қатар А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Р.Мәрсекұлы, С.Аманжолұлы бастаған Алаш арыстарының 1918 жылы сәуір айында Шәуешек өңіріне жасаған тарихи сапарын айрықша атап айтуға болады. Осы сапарға байланысты бүгінгі қазақ баспасөзінде бірқанша түрлі дерек кездесеі. Алаш арыстарын суретке түсірген, сонымен бірге 1918 жылы қазақ баспасөзіне қаржылай көмек атаған Шәуешектік фотографшы Мұқаметжан Юсупов (газеттегі аты Махметжан Юсуфұлы), күйеу баласы Балқаш Бафин мен қызы Никәр Бафина әжейден және Зейнолла Сәнік, Тұрсын Жұртбай, Асқар Игенұлы, Бекен Қайратұлы, Сейіт Кенжеахметұлы, Білісбек Әбдіразақұлы, Еркін Рахметолла қатарлы жазушы, тарихшы мамандаран жеткен құнды деректер бар. Н.Бафина әжейдің дерегінше, маңызды тарихи басқосуға болыс Қанағат Сүлейменұлы жеті-сегіз жолдасымен бірге (ішінде Әсет Найманбайлы ақын да бар)

<sup>14</sup> Mehmet Seyfettin Erol, “Büyük Kazakistan Projesi ve 2050 Stratejisi”, *Yeni Türkiye Dergisi*, 54, Türk Dünyası Özel Sayısı, 2, 2013, s. 1567.

Бақтыдан арнайы келіп қатысқан. Әсет ақынның Қанағат болыстың ағасы Жапар Сүлейменұлымен бажа болғаны себепті, Мәмбет елінде тұрақтап қалған кезі екен. З.Сәніктің дерегінше, Шәуешектегі кездесуден соң Сейілхан Зәңгі бастаған Шағантоғай елінің басшылары алыстан келген Алаш арыстарын өз ауылына шақырып, бір жұма күтіп, дүбірлі ойын-сауық ұйымдастырған. Сол себепті сол жылы туған балаларға Мәмбет елінің үлкендері ырымдап “Әлихан”, “Ақмет” және “Міржақып” деп ат қойыпты.<sup>15</sup> Осыған байланысты Мәмбет елінде хатшы болып кейін Шәуешектегі орыс консулына қызметке ауысқан нағашы атам Кәкімжан ақсақалдан да жеткен ауызша деректерді бала күнімде үлкендер кеңесінен көп еститінмін. Түйіндей келгенде, Шағантоғайдағы Мәмбет елінің игі-жақсылары бұл тарихи кездесуден ешқашан шет қалмағанын көруге болады. Рухани қазаны қайнаған ортада туып-өскен Шалғынбаевтың мәдени құндылықтан нәр алмауы, тарихи ортаның бұлағын қанып ішпеуі мүмкін емес еді.

Қытай қазақтарының ұлттық руханияттың гүлденуі үшін адал еңбек еткен әулеттер болған. Сондай әулеттің бірегейі ретінде Шалғынбаевтар әулетін айтуға болады. Әкелі-балалы Нұртаза Шалғынбаев пен Дубек Шалғынбаев туралы тарихи деректер бүгінгі ұрпақ арасында өкінішке қарай толық зеріттелмей келе жатыр. Әкелі-балалы Шалғынбаевтар XX ғасырдың 30-40 жылдары ұлттық мәдени құндылықтарға тың даңғыл жол салған, соның іргетасын қалаған өте интеллектуалды жаңа саяси лектің басы еді. Осы орайда ірі әулеттің алтын қазығы Нұртаза Шалғынбаев туралы сөз болады. Нұртаза туралы тарқатып айтудан бұрын бұл өңірдің мәдени-рухани һәм тарихи маңызына тоқтала кетейін. Сол арқылы Шалғынбаевтың тұлғаға айналуына әсер еткен тағдыр мен ортаның түпкі мәнін түсіне аламыз.

---

<sup>15</sup> Зейнолла Сәнік, “Дала мәдениеті туралы толғаныстар (Dala madeniyeti turalı tolğanıstar)”, *Үрімжі “Шыңжаң халық баспасы”, 6-326.*



## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Ағартушы, қоғам қайраткері Нұртаза Шалғынбаев немесе Нұртаза Үкірдай 1896 жылы Шәуешекке қарасты Шағантағай ауданында дүниеге келген. Әкесі Шалғынбай ақсақал қажыға барған, өз ортасына сыйлы, дәулетті кісі болғандықтан, 1893 жылдан бастап Шағантағайдағы Мәмбет елінің зәңгісі атаныпты (500 түтін үйдің басшысы). Шалғынбай ақсақал Нұртазаны Иса қажы медресесіне берген, бала Нұртаза медреседегі Шайх ұстаздан білім алыпты. Нұртазаны көзімен көрген Зейнеш Жалбағай ақсақалдың айтуынша, Иса қажы медресесінде Осман-Ресей соғысында тұтқын болудан қашып, бұл аймақты паналаған Махмуд Қари есімді түркиялық әпенді дәріс береді екен. Өңі қараторы кісі болғандықтан, тұрғылықты қазақтар “Қара әпенді” атап кетіпті. Иса қажының қолында тұрып бала тәрбиелеген сол Қара әпендіден Қ.Манжыбаевтың дерегінше Рақманқұл қазы, Кәттабай қажы, Шайх молда қатарлы белді дін ғұламалары оқып шыққан. Нұртаза осындағы Шайх молданың шәкірті. Бұл медреседен соң да Шәуешектегі татар-ноғай медресесінде білімін жалғастырған.<sup>16</sup>

Нұртаза оқыған медресе кейін жәдиттік үлгіге толықтай көшкен (медресе А.Байтұрсынұлы ұсынған төте жазу әдісін қолданған). Қ.Манжыбаевтың дерегінше, Нұртаза Қапез Оразаевты арнайы Семей, Зайсан қалаларына жіберіп, Алаш арыстарымен байланыс жасап тұрған. Қапез өз сапарында медресеге қажетті оқу құралдарын ала келген. Шалғынбаев сонымен қоса, “Айқап” журналы мен “Қазақ” газетін алдырып тұрғаны айтылады. Әуелі осы тұста, Петербургте 1909 жылы жарық көрген “Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі” атты Абайдың тұңғыш шығармалар жинағын да арнайы алдырып оқып, бұл өлкедегі Абайдың алғашқы рухани шәкірттерінің біріне айналады. З.Сәніктің дерегінше, Кәкітай мен

<sup>16</sup> Қабимолла Манжыбаев, “Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер (Kazak Okuv-agartuv tarihinan kıskaşa derekter)”, *Үрімжі* 2009, 6-361.

Тұрағұл баспаға дайындаған “Абай өлеңдер жинағын” Шағантоғай Мәмбеттері (Сейілхан зәңгі бастаған) 1910 жылдың өзінде-ақ жақын таныса бастаған. Осындай мәдени байланыстардан соң, бұл өңірге Алаш идеясы мен Абай шығармашылығы кеңінен тарады. Нұртаза Қытайға өткен ақтар құрамындағы Алаш әскерімен де байланыс жасады. А.Бакич қосыны Бақтыдан Шәуешекке өткенде қосын құрамындағы Алаш жасақтарын өзі тұрған елді мекенге алып қалмақ болады. Бірақ Ақтар құрамында келген Алаш әскерлерінің көбі еліне қайтып, аз бөлігі басқа уәлаяттарға ауып кеткендіктен, бұл іс аяқсыз қалады. Кейін Хилавский бастаған ақтар армиясының он шақты жауынгері Нұртазаны жағалап, Шағантоғайдың Жүнжүрек елді мекенінде там соғып, егін салып тұрақтап қалады. (Олар 1930 жылдары 150 отбасыға дейін өсті). Ал генерал Бакич бастаған әскери топ Алтайға өтіп, ондағы қазақтарға саяси үгіт-насихат жүргізеді және тәуелсіздік жариялауға желіктіреді.<sup>17</sup>



Нұртаза Шалғынбаев<sup>18</sup>

---

<sup>17</sup> Әбділжан Сейітұлы, “Миньго дәуіріндегі қазақ тарихы (Minguo devirindegi kazak tarihi)”, Үрімжі 2015, 6-52.

<sup>18</sup> Тарихи сурет Е.Сауырқанұлының жеке архивінен алынды.

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Алаш идеясына жаны жақын Нұртаза Шалғынбаев өз халқын отырықшы болуға үгіттеп, Жүнжүрек пен Беріктастан үй тұрғызып, жаңа үлгідегі мектеп құрылысын салдырады. Бұл мектеп кейін “Беріктас мектебі” деген атпен сол өңірге танымал алғашқы оқу орнына айналды. Мектептің алғашқы түлегінің бірі Махмут Салықұлының дерегінше, мектеп ауласы бау-бақшалы және іші ерсілі-қарсылы 20 бөлмелі, ерекше жобаланып салынған. Нұртаза Шалғынбаевтың әуелгі мақсаты Беріктас елді мекенін қалаға айналдырмақ болған екен де, сол үшін жұртты жаппай қоныстандыра бастаған.<sup>19</sup>

Осыдан соң Мәмбет елі жаппай отырықшылыққа көшеді. 1935-1937 жылдары арасында Нұртазаның басшылығымен Бүргентекше, Долаты, Үскі, Тарайық, Бұрған, Тасбастау, Қызылбұлақ, Қайыңды, Жанкөрге қатарлы үлкенді-кішілі елді мекендерден 20 шақты мектеп ашады (Шағантоғай ауданы Шәуешек әкімшілігінен бөлінбеген кезі). 1925 жылы Шәуешектегі “Тұран” мектебінің түлектері Нияз Ысқақи мен Фуат Әбдірешиттер Қазан қаласынан баспа машинасын алдырады да, “Біздің Тауыш” деген атпен дербес газет шығарып, баспа құрады. Газет пен баспа құру ісіне Нұртаза Шалғынбаев та белсенді араласты. Ол газетке “Байтұрсын емлесі” туралы мақала жариялап, халыққа алғашқы болып Ахмет Байтұрсынұлын таныстырды. Кейін Қапез Оразаев екеуі бірігіп А.Байтұрсынұлының “Әліпби”, “Тіл құрал”, “Оқу құрал” қатарлы кітаптарын қайтадан басып шығарады және оны Шәуешектегі қазақ мектептеріне қолдануға таратып берді.<sup>20</sup>

Гоминьдан кезінде өлкелік коалициялық үкіметтің қаржы мекемесінде хатшы қызметін атқарған Қабимолда Манжыбаевтың

19 Қабимолла Манжыбаев, “Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер (Kazak okuv-agartuv tarihianan kiskaşa derekter)”, *Үрімжі* 2009, 6-362.

20 Зейнолла Сәнік, “Дала мәдениеті туралы толғаныстар (Dala madeniyeti turalı tolğanıstra)”, *Үрімжі*, “Шыңжаң халық баспасы” /Шыңжаң халық бас баспасы, 6-331.

“Кешірмелерім” атты естелігінде, 1930 жылдары Шәуешекте шығып тұрған “Біздің Тауыш” газеті А.Байтұрсынұлының емлесін арнайы таныстырып желілес мақала жолдағанын тілге тиек етеді. Шәуешектен бастау алған “А.Байтұрсынұлы емлесінің” Шыңжаң өлкесінде қайта жаңғыруы ондағы қазақ, ұйғыр және татар зиялылары арасында үлкен рухани һәм мәдени дүмпу жасады.

Осыдан кейін Қытай қазақтары жаңа әліпби мен ұлттық емлережеге байланысты пікірталас бастап кетті. Бұл ғылыми пікір-тартыс Шыңжаң қазақтарының баспасөзінде “көнешілдер мен жаңашылдар дауы” деген атпен жүрілді. Ал Қытайдағы ұйғыр баспасөзінде резонанс тудырған “Байтұрсынұлы емлесі” (төте жазу) ондағы ұйғырлардың жазу ережесін белгілеудің басты бағдарына айналды.

1934 жылы Шыңжаң өлкесінде зор саяси өзгеріс орын алды. Осы саяси өзгерістен соң “Алты үлкен саясат” ұраны жарияланды. Онда әр ұлт халқының мәдени, ағарту ісін дамытатын мүмкіндіктер қарастырылды. Сол негізде кейін өлкелік, аймақтық және аудандық ұйымдар құрылды. 1934-1935 жылдары Ш.Көгедайұлы, Б.Қарекеұлы, С.Нұртаев, Ә.Құдыш қатарлы ұлт зиялыларының ұйытқы болуымен Үрімжіде тұңғыш рет қазақ-қырғыз құрылтай жиналысы өтті. Жиналыстан соң “Өлкелік қазақ-қырғыз мәдени, ағарту ұйымы” құрылды. Осы Өлкелік ұйымның төрағасы болып Сейітқазы Нұртаев тағайындалды. Өлкелік қазақ-қырғыз ұйымы 1935 жылдың шілде, тамыз айларында Құлжа, Шәуешек және Алтай қалаларында кіші құрылтай өткізді. Жиналыстардан соң өлкелік ұйымның аймақтағы бөлімшелері мен ұйым төрағаларын сайлады. Осы жылы Мұқаметқали Көксегенұлы, Ақат Балтабаев, Нұртаза Шалғынбаев, Мырзасадық Құрбанов, Қазыхан Емілбаев, Назарбек Тұрысбеков, Омар Үкірдай, Уәйіс зәңгі, Әсейінғазы, Мырзахмет,

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Мырзабек сынды зиялылардың бас болуымен “Тарбағатай уәлаяты қазақ-қырғыз мәдени, ағарту ұйымы” Шәуешекте құрылды.

Ұйым төрағалығына Мұқаметқали Көксегенұлы тағайындалды, Ақат Балтабеков орынбасары болды. Нұртаза Шалғынбаев 1939 жылы Үрімжідегі өлкелік қазақ-қырғыз ұйымына ауысып кеткенге дейін осы ұйымның жауапты қызметкері міндетін атқарады.<sup>21</sup> 1939 жылы Нұртаза Шалғынбаев, 1941 жылы Ақат Қондықзақов өлкелік қазақ-қырғыз ұйымына төраға болды. Аймақтық қазақ-қырғыз ұйымы құрылған соң Шағантоғай, Дәрбілжін, Толы аудандарында бөлімшелері ашылды. Ұйым 1935 жылдан бастап Шәуешекте “Төрт үкірдай мектебі”, “Шәуешек дөртуіл бастауыш мектебі”, “Шәуешек ерлер мектебі”, “Шәуешек гимназиясы”, “Балтабаев мектебі”, “Шаншиев мектебі” қатарлы жаңа оқу орындарын салды. “Шыңжаң оқу-ағарту тарихы” атты кітаптың дерегінше, осы жылдары аймақтық қазақ-қырғыз ұйымы басшылығымен тұтас Тарбағатайда 210 қазақ мектебі салынып, 14 594 оқушы мектепке барған. Ұйымның көркемөнер және баспасөз бөлімі құрылған соң “Тарбағатай” театры (1935), “Шыңжаң-Тарбағатай” газеті (1935), “Шәуешек” газеті (1938), “Тарбағатай хабарлары” газеті (1942) және “Жаңа Шыңжаң” (1935) журналы жарыққа шықты.

Нұртаза Шалғынбаев 1936 жылғы “Жаңа Шыңжаң” журналына “Естігендерім мен көргендерім” атты ұзақ әңгімеден тұратын еңбегін жариялайды. Нығмет Мыңжани бұл еңбекті Шыңжаң қазақ прозасының алғашқы туындысы десе, тарихшы Су Бэйхай Қытай қазақтарының тұңғыш романы деп баға берген. Шығармада патшалық Ресей мен Цин империясы қазақ даласын қалай отарлағаны, қалай бөліске салғаны туралы қиян-кескі оқиғалар баяндалған, сонымен бірге Жалбағай үкірдай мен Мамырбек төре дәуіріндегі қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік мәселелері де сөз

<sup>21</sup> Омархан Асылұлы, “Тарбағатай тарланы (Tarbagatay tarlani)”, *Үрімжі* 2012, 6-66.

болған. Бұл кезеңнің мәдени шырқау биікке көтерілуінің бір көрінісі ұлттық театрлардың жарыққа шығуы еді. Шәуешекті рухани өзек еткен уәлаяттағы барлық қазақ аудандарында қалалық, ауылдық театр ұжымдары пайда болды. Әйгілі актер, дарынды композитор Мәлік Шипанұлының дерегінше, аймақтық қазақ-қырғыз ұйымы Н.Шалғынбаевтың басшылығымен Шәуешек театрында “Ер Тарғын”, “Шұға”, “Қыз Жібек” қойылымдары сахналанған. Нұртаза қазақ мектептерінің оқулық мәселесін де назардан тыс қалдырмады. Осы түйткілді мәселені түбегейлі шешу мақсатында 1936 жылы Шәуешек қаласында “Қазақ әліппесі” мен “Қазақ әдебиеті оқулығын” құрастырып шықты. Бұл оқу құралдары аймақ сыртындағы қазақ аймақтарына да кеңінен тарап кетті. Автор оқулық құрастыру кезінде Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған жазу емле-ереже принциптеріне барынша адал болды. А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы бастаған Алаш көсемдері ұсынған ұлттық әліпби жобасының арғы беттегі рухани жоқтаушысына айналды.

Осы кезеңде Қытайдағы қазақ баспасөзі “әліпби дауын” қызу талқылап жатқан болатын. Ұлттық әліпби мен емле-ереже принциптерін анықтау кезінде екіжақты ғылыми пікір-таласты әуелде Мұқаш Жәкеұлы, Мырзасадық Құрбанов бастаған екен. “Емле дауы” деген атпен 1935-1940 жылдар арасында бір-бірінің ғылыми ұсынысын терістейтін, сынайтын мақалалар қазақ газеттерінде көптеп жарияланды. Даудың басты нысанасы “х, һ, в, ф, ч” таңбаларын әліпби құрамына қабылдау керек пе, керек болса жазу ережесі қалай өзгереді, керек емес болса араб, парсы, орыс, қытай сөздерін қалай игеріп жазамыз? “Оқу” деп жазамыз ба, “оқыу” деп жазамыз ба, әлде “оқу” ма? Осы мәселе төңірегіндегі пікірталастар бұрын аудан, аймақ деңгейінде талқыланса, енді тұтас өлке деңгейінде жоғары мінберден талқылана бастады. Өлке орталығы Үрімжіде шығып тұрған “Шыңжаң газетінің” 1936, 1937, 1938 жылдардағы сандарында (180/186/190 сандар) Мұқаш

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Жәкеұлы, Мырзасадық Құрбанов, Нұртаза Шалғынбаев, Сәліс Әміреұлы, Әнуар Көкеев, Мұқаметқали Көксегенұлы, Омар Ақышұлы, Ақмет Сәлімжанұлы, Шайқы, т.б ұлт зиялылары екі тарапқа бөлініп пікірталас жүргізді.<sup>22</sup>

Пікірталас кезінде “жаңашылдар мен көнешілдер” бірін-бірі әжуалайтын зілді карикатураларды да басқан. 1939 жылы осы даудың белсенді қатысушысы, Алашшыл ұлт зиялысы Нұртаза Шалғынбаев өлкелік қазақ-қырғыз ұйымының төраға орынбасары болып тағайындалады. Нұртаза өлкелік ұйымға келген бетте “емле дауына” нүкте қоюға тырысты. Бірақ 1939 жылдан бастап ұлт зиялылары жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшырағаны себепті, аталмыш пікірталас 1940 жылға келгенде кілт тоқтап қалады. Тек Сәліс Әміреұлы мен Әнуар Көкеев бастаған жаңа буын зиялы жастар емле мәселесіне байланысты баспасөз беттерінде ұсыныстар тастады (Шыңжаң газеті, 29 қыркүйек, 1940 ж). Нұртаза Шалғынбаев 1939 жылы Үрімжіге келер жолда өлке губернаторы Шэн Шицайдың саяси һәм әлеуметтік мәселелерге байланысты жүргізіп отырған кереғар саясаты мен қателіктерін әшкерелейтін “жол естелігі” атты мақаласын “Шыңжаң газетіне” жариялады. Мақалада автор Шәуешек пен Үрімжі арасында көргендерін жазбаға түсіріп, әлеуметтік теңсіздік пен қордаланған саяси түйткілдерді көтерген.

Қытай қазақтарының маңдайына біткен тұлға, рухани жоқтаушысы һәм ағартушы Нұртаза Үкірдай Шалғынбаев 1939 жылы Үрімжіде ашылған өлкелік қазақ-қырғыз құрылтайы жиналысынан соң бірден ұсталды. Бес уәлаяттан келген жүзден астам қазақ зиялыларымен бірге қараңғы зынданға қамалды. Ұзақ

<sup>22</sup> Қабимолла Манжыбаев, “Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер (Kazak okuv-agartuv tarihinan kıskaçа derekter)”, *Үрімжі* 2009, 6-295.

уақыт тергеуден соң өз кінәсін мойындамаған қалпы 1942 жылы 46 жасында шахид болды. Санаулы ғұмырын ұлттың рухани-мәдени гүлденуіне жұмсаған, халқына адал қызмет атқарған біртуар ұлт интеллигенциясын кейінгі ұрпақ жадына сақтап жүруі тиіс. Олардың өмірі мен қызметі жаңа буын ұрпақ келешегіне жол сілтейтін басты бағдар.

### ТҮРКИЯДА БІЛІМ АЛҒАН ӘБДІҚАДІР ӘПЕНДІ

20-ғасырдың басы Қытайдағы қазақ руханияты тың кезеңдерге аяқ басты. Халқының рухани деңгейін жаңа сапаға көтергісі келетін шын мәніндегі ұлт зиялылары тарих сахнасына шықты. Көшпенді қазақ халқын дамыған өркениетті ұрпаққа айналдыру үшін ағарту жолында аянбай тер төккен ат төбеліндей саналы азаматтар болды. Дәл сол азаматтардың бірі һәм бірегейі ретінде Әбдіқадір Әпендіні атауға болады. Ол Қытай қазақтары арасынан алыс шетелде заманауи білім алған тұңғыш қазақтың бірі. 20-ғасырдың алғашқы жартысында Түркиядан аз ғана қазақ жастары білім алды. (Мәнкей Мәмиұлы Бірінші Жаһан Соғысының салдарынан Ыстанбұлға барып оқу мүмкіндігін айрылыпты). Өкінішке орай олардың нақты кім екені туралы ақпарат толыққанды зерттелмей келеді.

Бұл оқу үрдісі Осман сұлтаны Екінші Әбдүлхамиттің қазақтарды арнайы қабылдауынан кейін басталғаны анық. Алғашқы лек қатарында Қасымқажы ақсақалдың екінші ұлы Әбдіқадірді айрықша атауға болады. Сұлтан Екінші Әбдүлхамит қазақтарды хан сарайында қашан, қалай және не үшін қабылдағаны туралы, қабылдаудан кейінгі екіжақты келісім Қытай қазақтарының саяси һәм рухани өміріне қалай ықпал жасағаны туралы зерттеуімізді кейінге қалдыра отырып, ең алдымен қолдағы деректер негізінде Әбдіқадір Әпенді туралы аз да болса қалам тербеуді жөн көрдік.



## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Әбдіқадір Әпендінің толық аты-жөні Әбдіқадір Қасымұлы. 1887 жылы Қорғаста туған. Әкесі Қасым Құлыншақұлы Іле өңіріне танымал, ел ішінде беделді кісі болған. Іледегі атақты бай Мұсабаевтар әулетімен тығыз қарым-қатынас жасаған. Кейін Үсейінбай Мұсабаевпен бірге 1890-1901 жылдары бірнеше рет қажылық сапар шегіп, еліне келген соң өз атында мешіт-медресе салады. Алғаш ашылған медресе Қорғастың Ластай елдімекеніне орналасып, кейін бұл жер қазақтар жиы қоныстанған ірі отырықшы мекенге айналады.


Медресенің түлектері Жықай Ибақұлы мен Әбдібап Қасымұлы Құлжадағы Байтолда медресесіне оқуын жалғастырға аттанса, Жанқара Тоқсанбайұлы Күредегі моңғол-қазақ мектебіне оқуға түседі. Қасым қажы өмірінде қанша рет қажылыққа барғаны белгісіз, бірақ 1901 жылы қажыға бару үшін Ыстанбұл қаласында он күндей ерулеп, қаладағы тарихи жерлерді аралағаны анық.<sup>23</sup>

Қасым ақсақал осы сапарында 13 жастағы екінші ұлы Әбдіқадірді де ерте барғаны айтылады. Әбдіқадір Үсейінбай Мұсабаевтің ұлы Сауыт Байбатшамен бірге Ыстанбұлда оқуға қабылданған. Әбдіқадір Қасымұлы түскен мектептің аты- “Даршапха”. Шәймарданұлының дерегінше Әбдіқадір осы оқу орнында жеті жыл білім алған. Дейтұрғанымен Әбдіқадір Қасымұлының Ыстанбұлға қашан барғаны туралы әртүрлі дерек кездеседі. Манжыбаев келтірген деректе, Әбдіқадір 1901 жылы Тұғылық Темір мазары маңындағы Әмір имам ашқан медреседе ғұламадан тәлім алған. Құлжадағы Үсейінбай Мұсабаев 1908 жылы ұйғыр-қазақ аралас бір топ оқушыны Ыстанбұлға оқуға жіберген кезде Әбдіқадір де

<sup>23</sup> Қасым Шаймарданұлы, “Қорғас тарихи материалдары (Korgas tarihi materialdaru)”, Сүйдің 2015, 6-301.

бірге аттанған.<sup>24</sup> Тарихшы Жақып Жүнісұлы да “Әбдіқадір Әпенді 1908-1915 жылдар арасы Ыстанбұлда білім алды” деп бұл деректі растайды.<sup>25</sup>

Даршапха оқу орнының ірге тасы 1863 жылы қаланған. Ол Осман еліндегі тұңғыш үкіметтік емес ұйым ретінде құрылған ресми оқу орны. Мектеп тоғыз жылдық оқу бағдарламасы бойынша жүргізілген. Оқу ордасының атауы “мейрімділік ұясы” деген мағына беретін “дарушшафака” сөзінен шыққан. Аталмыш оқу ордасын қазақтар жалпақ тілмен Даршапха деп атап кеткен. Оқу орны Түркия және алыс, жақын шетелдегі оқушылар үшін арнайы шәкіртақы дайындап отырды. Оқу орнының әлеуметтік шығынын үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар көтерген.



Әбдіқадір Әпенді<sup>26</sup>

---

24 Қабимолла Манжыбаев, “Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер (Kazak okuv-agartuv tarihinan kyskaşa derekter)”, *Үрімжі* 2009, 6-299.

25 Жақып, Жүнісұлы, “Іленің тарихи шежіресі” (İlenin tarihi şejiresi), – *Күйтің*, 2012, 6-277.

26 Тарихи сурет Е. Сауырқанұлының жеке архивінен алынды.

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Әбдіқадір осы оқу орнына түскен соң түрік тілімен бірге, француз және араб-парсы тілінен сауатын ашады. Ыстанбұлда жүргенде мектеп ұжымы ұйымдастырған дәрістен сыртқы іс-қимылдарға қатысып, 1910 жылы Грекияға саяхаттап барады. Манжыбаевтың дерегінше, Әбдіқадір мектептің футбол құрамасында мықты ойыншы болған және құрама қатарында Англиядағы футбол матчқа қатысқан. Әпендінің шәкірті Садай Сіләмбайұлының дерегінше, Әбдіқадір 1915 жылы Франциядағы “Мұсылмандар педагогикалық мектебіне” қабылданған. Бірақ, әкесі тұтқиылдан шақыртып алғандықтан бұл оқу орнына бармай, елге оралады.

Әбдіқадір Әпенді елге оралған соң Қасым ақсақал ашқан медреседе оқытушылықпен айналысады. Осы медреседе ол Әпенді деген лақап атпен тұтас Іле өңіріне таныла бастайды. Медресеге келушілердің қарасы көбейген сайын оқу орны тарлық ете түседі, сонымен Әбдіқадір Әпенді әкесі Қасым ақсақалмен және ағасы Әбдібаппен ақылдаса келе медресені кеңейтіп салу жұмысын қолға алады. Әпендінің ұлы Шейіт Әбдіқадірдің берген дерегінше, бұл медреседен бөлек Әбдіқадір Әпендінің аудан орталығы Сүйдің қаласында да төрт ауызды медресесі болған. Медресеге жан-жақтан қазақ оқушылары келе бастаған. Медресенің оқу бағдарламасы жәдиттік үлгі бойынша жүргізілген. Бұны баласы Шейіт Әбдіқадірұлы да “Әпенді дін сабағын аз, ғылым сабағын көбірек оқытатын” деп растайды. Тіпті, дене-тәрбие (спорт) пәні кезінде оқушыларға ағаштан найза, мылтық жасап, әскери жаттығу жасатқандықтан Күредегі әскери губернияның құлағына жетіп оқу орнын жаптырып, өзін үш айға қамаққа алады.<sup>27</sup> Үш ай қамақтан соң, Әбдіқадір Әпенді екі жылдай қатаң бақылауда болған. Кейін әкесі Қасым ақсақал мен ағасы Әбдібаптың демеуінде ағарту жұмыстарын қайта жандандыра түседі. 1918 жылдан соң Ластайдағы медресе

<sup>27</sup> Қабимолла Манжыбаев, “Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер (Kazak okuv-agartuv tarihinan kıskaşa derekter)”, *Үрімжі* 2009, 6-300.

кеңейтіліп салынып, ірге тасы жерден бір жарым метр биік, асты-үсті тақтайлы, есік-терезесі кең, алты ауызды заманауи мектепке айналады. Шаймарданұлының дерегінше, заманауи мектептің сыртқы көрінісі қазақ ою-өрнектерімен нақышталып салынған. Мектеп айналасы бау-бақшамен қоршалып, көркемдікке ерекше мән берген.

Бұл кезде өлке губернаторы Яң Зыңшин (Ян Цзэнсинь) мен Күредегі әскери губерния қайта-қайта маза бермей, заманауи мектепті жаптырмақ болғанда Әбдіқадір Әпенді Ыстанбұлдан арнайы “мешіт-медресе ашуына болады” деген анықтама алдырған. Бұндай рұқсатнама әдісін Баудын Үсейінбайұлы Мұсабаев, Әбділда Бопи, Уайдолла Пайзиди мен Мақпор Әпенді де қолданып Құлжада мешіт ашып, медресе салдырған екен.<sup>28</sup>

Ластай елді-мекеніндегі Қасым ақсақал ашқан медреседе Әпендіге дейін Айтмолда Құлыншақұлы мен Тұяқ Тұрғынбайұлы бала оқытып, ағарту ісімен айналысыпты. Бұл кісілер Семей мен Жетісудағы медреселерден оқыпты. Медресе шәкірттері бастапта қадимше үлгімен тәлім алған, Әбдіқадір Әпенді келген соң біртіндеп жәдиттік үлгіге ауыса бастайды. Мектепте Әбдіқадірмен бірге Саттар Мақсұтұлы, Алқанбек Есімбекұлы, Ырай Есдәулетұлы, Кәрім, Тасыбек, Имамұқанбет қатарлы мұғалімдер әр пәннен сабақ береді.<sup>29</sup> Әбдіқадір Әпенді қыз балалардың да сауат ашуына ерекше мән бергендіктен, мектепке ұл балалармен бірге қыздар да оқиды. Қысқа уақыт ішінде мектептің аты Іленің барлық өңірін дүр сілкіндіреді. Мектеп пен Әбдіқадірдің атын естіп Іленің басы Күнес пен Нылқыдан тартып, Құлжа мен Текес, Өртекестен қазақ оқушылары оқу ордасына ағылады. 1930 жылдарға келгенде мектеп оқушылары жүзге жуықтайды. 1935 жылы оқушы саны

---

28 Қабимолла Манжыбаев, Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер (Kazak okuv-agartuv tarihinan kıskaşa derekter), *Үрімжі* 2009, 6-192.

29 Қасым Шаймарданұлы, “Қорғас тарихи материалдары (Korgas tarihi materialdarı)”, *Сүйдің* 2015, 6-302.

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

күрт көбейіп, алты бөлмелі мектеп тағы тарлық етеді. Сол жылы Әбдіқадір Әпендінің ұйытқы болуымен Ахметқали Дәнекеұлы, Сақан Жетібайұлы, Ермей Қасымұлы, Демежан, Жүрекбай Тыныбайұлы қатарлы ел ағалары бірігіп “Ақсақалдар алқасын” құрады.<sup>30</sup> Осы алқа игі-жақсыларды аттанысқа келтіріп 1936 жылы мектеп құрлысын үлкейтіп салып шығады. Сол жылы Ластайдың басқа елді-мекендерінен де мектептің жаңа бөлімшелері ашылады.

Сол жылдары бұл оқу орнына Нұри, Батталғазы және Мейірман Ермектасов қатарлы жаңа буын қазақ зиялылары келіп әр пәннен сабақ береді. Әбдіқадірдің шәкірті Садай Сіләмбайұлының дерегінше, мектеп аптасына екі рет орыс тілінен сабақ өткен, орыс тілін Нұрдәулет пен Қамза мұғалім оқытыпты.<sup>31</sup> Мектептің оқу бағдарламасы артып дін, педагогика, жағрапия (география), тіл, емле, дене-тәрбие, муаалим аууал, муаалим сани, тарих, орысша, шығыр (ән) және математика пәндері оқытылыпты. Оқушы саны 200-ден асқан. Оқушы саны мен сынып саны көбейіп Ұлдақан, Қанбала, Қамза, Тасыбек, Алқанбек Мәмбетәліұлы, Мұстақан Баштыбайұлы, Сайдырақым Қабділдаұлы, Бәти (Таңжарық Жолдыұлының жары), Зинаш Нүкейқызы, Тәңірберген Әбіләкімұлы, Сіләмбай Зейнелқанқызы қатарлы мұғалімдер оқытушы болған. 1937 жылы Өлкелік білім министрлігі мен Өлкелік қазақ-қырғыз мәдени, ағарту ұйымы бірлесіп біртұтас оқу құралдарын шығарады. Мектеп сол жылдан бастап өлкелік үкіметтің бірыңғай оқу жүйесімен білім береді. Манжыбаевтің дерегіне сүйенсек, мектепте шығыр (ән) сабағын Әбдіқадір Әпенді оқушыларға өзі оқытқан. Садай ақсақал сол кезде Әбдіқадір ұстазы оқытқан шығыр сабағының әнін былайша есіне алады:<sup>32</sup>

30 Жақып Жүнісұлы, “Іленің тарихи шежіресі (İlenin tarihi şejiresi)”, *Күйтің* 2012, 6-279.

31 Қасым Шаймарданұлы, “Қорғас тарихи материялдары (Korgas tarihi materiyaldarı)”, *Сүйдің* 2015, 6-303.

32 Қабимолла Манжыбаев, “Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер (Kazak okuv-agartuv tarihinan kıskaçа derekter)”, *Үрімжі* 2009, 6-190.

*Әлемнің он сегіз мың әуел бұрын,  
Жаратты Мұқанбеттің Тәңір нұрын.  
Сол нұрдың әрбір тамған тамшысынан,  
Жаратты әр әлемді ақ Тәңірім.  
Аспан-жер, аршы-күрсі лауһыл қалам,  
Сыдыратыл жәннат, тозақ бәрі тамам.  
Әуелі нұр, топ пиылдан пайда болған,  
Қадістен осылайша келді әлем.*

Қорғас өңіріндегі оқытушылар мәселесін оңды шешу мақсатында Әбдіқадір Әпенді Ақметбек, Мейірман Ермектасовтармен бірлесіп Көкқамырдың Турасу жайлауында үш айлық педагогикалық курсы ашады. Курс ұдайы үш жыл тынбай жұмыс істеп 120 дан астам білікті оқытушылар қосынын қалыптастырады. Әбдіқадір Әпенді оларды тұтас Қорғас өңірінің Сарыбұлақ, Қосарық, Қарасу, Ақтүбек, Көгдала, Қараой, Ақмешіт, Жарсу, Кеген, Мүке, Ақсу қатарлы елді мекендеріне бөліп 20 ға жуық қазақ бастауыш мектебін құрады. Куыстан соң өлкелік қазақ-қырғыз мәдени, ағарту ұйымы Әбдіқадір Әпендіге “аға ағартушы” атағын береді.

Сонымен қатар Әбдіқадір Әпендінің шәкірті Жұмабек Есімбекұлының айтуынша, Әпенді ересек оқушыларға ағаштан найза, қылыш, мылтық жасап беріп, таң бозынан тұрғызып, қазіргі Ластай елді-мекенінің Ақсу ауылы тұрған жерге дейін жүгіртіп шынықтырады екен.

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Ең қызығы мектеп ордасы Әбдіқадір Әпендінің ұйымдастыруымен мектеп ойын-сауық үйірмесін құрыпты. Үйірме мектеп залында “қозы көрпеш – баян сұлу”, “қыз жібек”, “шық бермес шығайбай”, “күндестің күні”, “наданның ақша санауы”, “кітаптың көмегі”, “соқыр аю” т.б шығармаларды сахналаған екен.<sup>33</sup>

Іле уәлаятындағы ұлт-азаттық төңкерістің алды-артында аудан орталығы Сүйдің қаласынан қазақ-қырғыз мектебі ашылады да, Әбдіқадір Әпенді мектеп директоры болып қалаға келеді. Ластай елді-мекеніндегі мектеп жарым-жартылай аудан орталығына көшіріледі. Арада ұлт-азаттық соғысы бұрқ ете түсіп Сүйдің мен Ластай мектебіндегі хат танитын жастардың бәрі қолына қару алып майданға аттанады. Әбдіқадір де Қорғастағы майданға қатысады. Сүйдің қаласы мен Ластайдағы ағарту ісі уақытша тоқтап, 1945 жылдың күзінен соң қайта жанданады. Аудан орталығы Сүйдің қаласындағы қазақ мектебі Әбдіқадірдің ұйытқы болуымен қалпына келіп, жалпы оқушы саны 400 ден асады. Ластайдағы мектеп түлектері Қалмұқаш Сауытбекұлы, Мәжит Нұрғазыұлы, Бегайдар Қасымұлы, Жанұзақ қатарлы үздік оқушылар Құлжадағы жоғары оқу орны Іле педогогикалық институтына оқуға түседі. Ластай мектебіне Қамза мен Әзімбай директор, Зейнелқан Сіләмбайқызы оқуға жауапты бөлім меңгерушісі болады. Әбдіқадір Әпенді денсаулығына байланысты 1949 жылдың соңын ала Ластайға қайтып емделеді.<sup>34</sup> 1950 жылдан бастап өзі бас болып құрған Ластай оқу орнына қайта директор болады, 1953 жылы зейнетке шығады. Санаулы өмірінде мыңнан астам шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз 1963 жылы өмірден өтеді. Сүйегі ардақты әкесінің қасына қойылады.

33 Қасым Шаймарданұлы, “Қорғас тарихи материалдары (Korgas tarihi materialdan)”, Сүйдің 2015, 6-307.

34 Жақып Жүнісұлы, “Іленің тарихи шежіресі (İlenin tarihi şejiresi)”, Күйтің 2012, 6-275.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Қым-қуыт тарихи оқиғаға толы 20 ғасыр басында Қытай қазақтардың саяси және мәдени өмірі түбегейлі өзгерді. Алаш қозғалысы ондағы қазақтардың тұрмыс-тіршілігіне, дүние танымының қалыптасуына ықпал етуші рухани қозғаушы күшке айналды. Қазақтар тұрған елді-мекендерде жаңа мектептер салынды. Білім беру жүйесі усул-и жәдиттік негізде жүргізілді. Соның нәтижесінде халықтың мәдени және қоғамдық-саяси өмірге араласу қабілеті жоғарлай бастады. Бұрын көшпенді өмір салтын ұстанып келген қазақтар біртіндеп отырықшы тыныш-тіршілікке бейімделе бастады. Халықтың әлауқатын, өмір салтын, дүние танымын жаңарту мақсатында Нұртаза Шалғынбайев пен Әбдіқадір Қасымұлы Әпенді қал-қадірінше күресті.

Олар саяси күрделі кездерде ағарту жолын таңдады. Сол арқылы бұрыннан келе жатқан білім беру жүйесіне түбегейлі реформалар жасады. Бұрынғы көшпенді һәм дәстүрлі негізге сүйенген классик білім беру әдістеріне жаңаша оқу форматын алып келді. Діни пәндерді сақтай отырып оқу жүйесіне заманауи пән ғылымдарын енгізді. Бұл былайша айтқанда жәдиттік әдістеменің жаңғыртылған жаңаша түрі еді. Осы оқу әдісі негізінде жас балалардың оқу мен білімге ынтасы ерекше артты. Медіреселік оқу жүйесі біртіндеп осы әдістемені үлгі ретінде еш жатырқамай қабылдай бастады. Осыған орай қазақтар арасында дін мен ғылым жүйесі ерекше үйлесім таба білді. Екеу арасы қарым-қатынас өте сәтті сәйкесті. Нұртаза Шалғынбаевтің өмір сүрген дәуірі, алған классик білім жүйесі және оның ағарту ісіне жәдиттік реформаны сәтті үйлестіре алуы жоғардағы ортаға салған ойымызды растай түседі.



## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

Осы ағартушы мәдени тұлғалардың тағы бір ерекшелігі олар көшпенді тұрмыс-салтты сақтай отырып жаңа оқу жүйесіне сүйенген заманауи мектеп орындарын салуы еді. Көпбөлмелі мектеп қабырғаларында оқушы саны жылдан жылға өсіп отыруы, тіпті басқа аудан, елді мекендерден де келіп оқуға түсуі сол саяси дәуір үшін үлкен жеңіс саналады. Мектептегі бала санының артуына байланысты жаңа мектептің қажеттілігі тіптен артты. Осы орайда сондағы меценат қазақтарды да айрықша ескере кеткен жөн. Негізінде Әбдіқадір де, Нұртаза да аса дәулетті шаңырақтардың тумасы болған. Осы әулеттер өз байлығының көп бөлігін ағарту ісі мен мәдени құндылықтардың жайылуына жұмсағаны анық. Әбдіқадірдің әкесі Қасым ақсақалдың ірі меценат әулет екені белгілі. Ол Құлжадағы реформашыл ұлт зиялыларымен жақсы араласты. Өз балаларын солармен бірге оқу-білім алуға шабыттандырып отырды. Әбдіқадірдің Стамбұлда білім алуының ең таңдаулы мүмкіндіктері де осы еді. Түркиядағы оқуын аяқтаған соң елге келуінде де әулеттің рөлі көбірек үлес атқарды. Қорғас елді мекенінде мешіт-медіресе ашуына, жәдиттік білім жүйесін кезең-кезеңі бойынша сіңіре білуіне зор мүмкіндік силады. Негізінде Қасым әлеті Құлжа мен Қорғас бетіндегі ең беделді шаңырақ болды. Қасым ақсақал кіндігінен тараған басқа ұрпақтары да түрлі саяси, мәдени салаларда жұмыс атқарды.

XX ғасырдың 30- жылдары екі көрнекті тұлға Шалғынбаев пен Қасымұлы әпендіге ортақ тарихи мүмкіндіктер туды. Үкімет осы жылдары оқу мен білім беру жүйесіне аз уақытқа цензураны бәсеңдетті. Есесіне 1935 жылдан бастап жаңа мәдени, ағарту және көркем әдебиеттің дәуірі басталды. Өлкелік және аймақтық негізде үкіметтік емес мәдени ұйымдары құрылды. Білім беру мен басқа да саланың қаржылық түйіткілдері жаңағы ұйымдардың бюджетінен қаралды. Мәдени ұйымдардың қор ақшасы көбінде ағарту ісі мен ұлттық рухани құндылықтарға жұмсалды. Осы жылдары халықтың

ортақ мәдени құндылықтарды бір ауыздан қолдап жылдам қабылдап кетуінде мынадай үш үлкен тарихи себеп жатты. Біріншісі, XX ғасырдың алғашқы жартысында Шалқынбаев пен Қасымұлы Әпенді сияқты жаңашыл ұлт зиялылары ағарту ісін өте сәтті қолға алуында еді. Олар жаңа мен көненің ара қатынасын сақтай отырып ұлттың сапасын бір форматтан екінші жаңа форматқа үйлесімді ауыстыра білді. Екінші себеп, Алаш идеясы мен жәдиттік ағарту әдістемесінің біршама сәтті қолдау табуы еді. Қытайдағы жұрт 1918 жылдардан соң мәдени төңкерістердің жылдам таралуына көптеген негіздер қалап бере алды. Олай дейтін себебіміз рухани реформа көбінше аса беделді әулеттік жүйе тарапынан жасалынды. Сол себепті рулық жүйе, әулеттік сәтті реформаларды жылдам қабылдап үлгерді, аса тосырқау болмады. Үшінші негізгі себебі, Шалғынбаев пен Әбдіқадірлердің 1918-20 жылдары бастап кеткен ағарту жұмыстары қысқа уақыт ішінді аз санды бір буын ұрпақты жылдам тәрбиелеп қатарға қоса алды. Жәдиттік жүйеде оқыған жаңа буын ұрпақ 1930-40 жылдары өз дәуірінің саяси, мәдени қайраткерлеріне айналып шыға келді. Әрине бұның арғы астарында көрнекті тұлғалардың ағартушы еңбектері жатқаны анық.

Осындай тарихи, саяси һәм мәдени себептердің жиындығы негізінде жаңа сапаға тән жас буын ұрпақ тәрбиеленіп шықты. Олар 1940 жылдардан кейінгі қалыптасқан саяси жүйенің жас қанат өскелең ұрпақтарына айналды. Қазақ қоғамының сапалық қуаты түбірінен өзгере бастады. Осы саяси, мәдени реформалар негізінде 1939-40 жылдары Қытай қазақтары жаңа саяси сауатқа ие бола бастады. Осымен шектелмей ұлттық құқықтарын қорғай білетін, оның аяққа тапталған мүмкіндіктерін жоқтай білетін сауатты деңгкйге жете бастады. Негізінде 1939 жж бастау алатын ұлтазаттық қозғалыстың іргетасы ең әуелі баяндап өткеніміздей мәдени һәм рухани жаңғырулардан тұрады. Ал аталмыш саланың тағанын берік

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

---

қалаған Нұртаза Шалғынбаев пен Әбдіқадір Қасымұлы Әпенді екені айдан анық. Мақаламызда баяндалғандай аталмыш көрнекті тұлғалар мәдени, саяси, баспасөз һәм көркем әдебиет атаулының бәріне тек рухани құндылық сіңіріп отырған. Осы тарихи фактілер бұдан кейінгі ұрпақ санасына жақсы үлгі болары анық.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

EROL Mehmet Seyfettin, "Büyük Kazakistan Projesi ve 2050 Stratejisi", *Yeni Türkiye Dergisi*, Türk Dünyası Özel Sayısı 2(54), 2013, s. 1564-1568.

МАМИЕВ, Шапқат, Мәуелі Бәйтерек (Maveli bayterek), Шынжаң Жастар-Өрендер Баспасы, Үрімжі 2011.

МАҢҒАЗҚЫЗЫ, Сәуле, ӘСЕЙІНҰЛЫ, Ақмет, Таяу және Осызаманғы Оқу-Ағарту Тарихы (Tayav және osızamanǵı okuv-aǵartuv tarihi), Шынжаң Әсемөнер Фотосурет Баспасы, Үрімжі 2015.

МҰҚАЙҰЛЫ, Бидақмет, Алтайға Жаңаша Окуды Тұңғыш Таратушы–Нұреддин Мұғалім (Altayǵa janaşa okuvdi tungǵış taratuvşı- Nureddin mugalim), Алтай Аясы, журнлы 2015.

МҰЛІКҰЛЫ, Сағат, ЖҰМАҚАНҰЛЫ, Кәменбек, МЕРКІТБАЙҰЛЫ, Ербасар, ШӘМИҚЫЗЫ, Нұргүл, & СЕЙІЛҚАНҚЫЗЫ, Бақытнұр, Алтай Қаласы Тарихи Материалдары (Altay kalası tarihi materiyaldarı), Алтай Аймақтық Газетхана Баспасы, б 44-117, Алтай 2014, том 1-3.

SAUYRKAN, Yeldos, "Doğu Türkistan Bölgesindeki Kazakların Eğitim Tarihi (1900-1950)", Necmettin Erbakan Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, (Yayınlanmamış Yüksek Lisans Tezi), Konya 2019.

SHAWUERHAN, Yeldos-МАКНАББАТ, Assylbek, *Sincan Bölgesi Urumçi'deki Kazak-Kırgız Kültür Eğitim Derneği ve Faaliyetleri*, 4. Uluslararası Türk Dünyası Araştırmalar Sempozyumu, Niğde 2017, s. 709-718.

АБДІРЫЗАҚ, Білісбек, «Жоңго Қазақ Ақпарат-баспасөзінің Қысқаша Тарихы (Jongguo Kazak akparat-baspasözining kısqasha tarihi)», Шынжыаң Жастар-өрендер Баспасы, Үрімжі 2014.

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

---

АБІЛҚАҚҚЫЗЫ, Мәрзия, «Чиң Патшалығы кезіндегі Шынжаң (Çing patşalıǵı kezindegi Şingjiang)», Шынжаң Әсемөнер фотосурет Баспасы, Үрімжі 2010.

АЙТЖАНҰЛЫ, Сабыр, ӘНУАР, Әсет, СӘРСЕНБАЙЕВ, Нұрлан  
КОЖАРСЫЛАНҚЫЗЫ, “Айгүл, Іле Тарихи Материалдары (İle tarihi materiyaldarı)”, Іле Жьншың Сауда Шекті Жауапкершілік Серіктестігі Баспасы, Құлжа 2013, том 16-20.

АҚКЕМЕ (Аkkeme), Тарбағатай Аймақтық No: 2, Шәуешек, Мектеп Баспасы, Орта мектеп 2009.

АҚЫНҚЫЗЫ, Бәтіш, Дубек (Duvbek), Ұлттар Баспасы, Пекин 2004.

АСҚАРҰЛЫ, Көбен, Шәріпқан Көгедаев (Şarırkan Gögedayev), Ұлттар Баспасы, Пекин 2002.

АСЫЛҰЛЫ, Омархан, Тарбағатай тарланы (Tarbağatay tarlanı)”, Шынжаң Әсемөнер фото Сурет Баспасы, Үрімжі 2012, б-66.

ӘКРӘМИ, Кәрім, Баркөл Қазақтарының шығысқа аууы (Barköl kazaktarının şıǵıska аууы), “Баркөл Тарих Материялдары», б-139.

ӘУБАКІРҰЛЫ, Ғизат, Баймолла Карекеұлы (Baymolla Karekeuli), Ұлттар Баспасы, Бейжің 2011.

БАПИН, Балқаш (Balkaş Varın şıǵarmaları), Ел-Шежіре Баспасы, Алматы 2007.

ЖҮНІСҰЛЫ, Жақып, Іленің Тарихи Шежіресі (İlenin tarihi şejiresi), (Екінші басылымы), Іле Халық Баспасы, Күйтін 2012.

ИЗАТОВ, Әбілқасым, Ағарту Алқабында (Aǵartuv alqabında), Іле Облыстық Үгіт Бөлімі Баспасы, Құлжа 1999.

ҚАНАПИН, Калдыбай, Отыз Сегіз Жыл Қытайда (Otız segiz jil Kıtayda), Алматы 2011.

ҚҰРМАНҒАЛЫҰЛЫ, Оралқан, НҰРҚҰСЫМАНҰЛЫ, Еркін, МОЛДАШҰЛЫ, Бабай, Қазақтарының Оқу-Ағарту Тарихы (Ürimji Kazaktarının okuv-agartuv tarihi), 2 том, Пекин, Ұлттар Баспасы, Үрімжі 2013.

МАНЖЫБАЕВ, Қабимолла, Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер (Kazak okuv-agartuv tarihınan kıskaşa derekter), Үрімжі 2009, б-361.

НҰРАКЫНҰЛЫ, Дабай, СЕРСЕНБАЙЕВ, Нұрлан, ТҰРДЫ, Тұрсын, Іле Тарихи Материалдары (İle tarihi materiyaldarı), Іле Жньхың Сауда Шекті Жауапкершілік Серіктестігі Баспасы Құлжа 2006.

НҰРЛАНҰЛЫ, Сауытбек, САДЫҚ, Арұпжан, СЕРСЕНБАЙЕВ, Нұрлан НЕСІПБЕКҰЛЫ, Бақытбек, Іле Тарихи Материалдары (İle tarihi materiyaldarı), Іле Газеті Баспасы, Құлжа 2009.

НҰРЛАНҰЛЫ, Сауытбек, САДЫҚ, Арұпжан, СӘРСЕНБАЙЕВ, Нұрлан, Іле Тарихи Материалдары (İle tarihi materiyaldarı), Іле Газеті Баспасы, Құлжа 2010.

ОМАРОВ, Қасен, Шонжы Шежіресі (Şonji şejiresi), Шонжы Баспасы, Шонжы 2005.

РАҚМЕТОЛДА, Еркін, Шығыс Түркістан және Алаш Козғалысы идеясы (Şıǵıs Türkistan jane Alaş korǵalıı ideyası), <https://abai.kz/post/44702> (алынған уақыты: 25.10. 2021)

СЕЙІТҰЛЫ, Әбділжан, Миңго Дәуіріндегі Шынжаң Оқу-Ағартуы (Mingguo devirindegi Şingjiang okuv-agartuvı), Қоғамдық Ғылыми Журналы, Шынжаң 2010.

САДЫҚ, Арұпжан, СӘРСЕНБАЙЕВ, Нұрлан, ТҰРДЫ, Тұрсын, Іле Тарихи Материалдары (İle tarihi materiyaldarı), 2007, Құлжа, Іле Газеті Баспасы.

## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

---

СӘНИК, Зейнолла, Дала мәдениеті туралы толғаныстар (Dala madeniyeti tuvralı tolganıstar), «Шыңжаң халық баспасы», Үрімжі, б-326.

СӘРСЕНБАЙЕВ, Нұрлан, Іле Тарихи Материялы (İle tarihi materiyaldarı), Іле Газеті Баспасы, Құлжа 2006.

СЕЙІТҰЛЫ, Әбділжан, Миньго дәуіріндегі қазақ тарихы (Minguo devrindegi Kazak tarihi), Хньжаң Асемөнер Фотосурет Баспасы, – Үрімжі 2015.

ШАЙМАРДАНҰЛЫ, Қасым, Қорғас тарихи материалдары (Korgas tarihi materiyaldarı), Сүйдің, 2015.

### STRUCTURED ABSTRACT

At the beginning of the twentieth century, the cultural and spiritual situation of the Chinese Kazakhs began to develop in a new direction. Gradually, the nomadic people began to adopt the culture of the city. The Jadid movement was widespread. The education system gradually shifted from classical Islam to a new Jadid method of enlightenment. Indigenous Kazakhs welcomed this educational system. As a result, mosques and madrassas were able to teach natural sciences as a core subject along with religious lessons. Nurtaza Shalgynbayev and Ablikadir Kasymuly Apendi, who graduated from this madrasah, later became spiritual educators of the region. In this regard, the historical factor that should be noted was the Alash movement and the Jadid position.

The Alash movement, which entered the stage of history after 1905, was not limited to the territory of Kazakhstan. The scale of the movement is very wide. Kazakhs from Altai, Shaueshkek and Kulja often established relations with the citizens of Alash. Under their influence, a new cultural identity began to form among the Chinese Kazakhs. The Alash movement further enriched the political and cultural knowledge of Chinese Kazakhs. In 1918, in the city of Shaueshkek, Kazakh intellectuals met with the lions of Alash and held a historic meeting, which successfully combined not only political but also new cultural values. During that meeting, representatives of the Alash movement, such as A. Baitursynov, M. Dulatov, R. Marsekuly, S. Amanzholov, laid the foundation for the formation of a new political and cultural influence on the Kazakhs of China. The works of Ahmet Baitursynov were especially impressive. The new writing reform proposed by A. Baitursynov caused a great deal of controversy among Kazakhs in China. It can be said that the reform of writing proposed by A. Baitursynov created a cultural revolution. After 1920, N. Shalgynbayev became the first educator to introduce this writing reform to the Kazakhs of China. Abdykadir Apendi also got acquainted with this writing reform. After



## ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІ ҮЛКЕН КӨРНЕКТІ ТҮЛҒА

---

graduating from Turkey, he came to Turkey and began to work on education. First of all, he wrote new textbooks in support of A. Baitursyn's writing reform.

Comparing these events, we can clearly state the following historical facts. First, the Jadid system of education has been widespread among Chinese Kazakhs since 1905-07. During these years, the education system of madrassas was gradually reformed. The new Jadid format was well received by the people. He strongly supported the education of his children in the madrassa. Secondly, the Alash movement has historically been a special driving force in the transformation and formation of the political and cultural worldview of the Kazakhs in China. The long-standing political and cultural worldview of the Kazakhs in China developed in a new direction after the Alash movement. Filled with new ideas. Third, a new generation of Chinese Kazakhs has emerged. They were fully formed under the influence of both the Jadid and the Alash movements. He also began to become a reformist citizen in the regions where he lived. A special event was the cultural influence of Turkey. Previous studies have focused little on Turkey's political and cultural influence.

In fact, one of the external factors that led to the cultural and spiritual revolution of the Chinese Kazakhs in the early twentieth century is Turkey. In those years, many Chinese Kazakhs were sent to Turkey to study. Cultural and trade relations with Turkey have developed. Through the pilgrimage, many Kazakhs began to come to Istanbul. On the basis of this cultural relationship, the Chinese Kazakhs often use the names "Istanbul", "Turkey", "Sultan". At the beginning of the twentieth century, Chinese Kazakhs had good cultural and political ties with Turkey. Chinese rulers did not like the Kazakhs' cultural ties with Turkey. In various ways, they disrupted political and cultural relations between the two countries. After the political revolution in China in 1912, the Kazakhs entered a new political era. Although the political situation was difficult, he undertook

cultural and educational work. He built new schools to open the literacy of Kazakh children. In some settlements, madrassas have been transformed into schools. The new generation of Kazakhs, educated in these schools and madrassas, became a new intellectual generation that could take an active part in political life after the 1930s. They made a great contribution to the development of the Kazakh press in China after 1934-35. On this basis, new newspapers, magazines and books were published. This means that people have reached a cultural level where they can read newspapers and publish books. Nurtaza Shalgynbayev and Abdykadir Kasymuly Apendi will do a great job in bringing the population to this cultural level.

These individuals carried out educational reform. He opened new schools and wrote textbooks. This was the beginning of a new era for Chinese Kazakhs in the early twentieth century. Our article tried to reveal the historical nature of Nurtaza and Abdykadir, taking into account the cultural and political events of that time. They were looking for an answer to the question of what work they did. They also described the environment in which they lived. He tried to reveal the meaning of some historical situations that were not taken into account and studied. In this regard, he sought an answer to the question of how the Jadid movement and the idea of Alash affected the Kazakhs of China. In addition, an analysis of the political and cultural situation of Kazakhs in China after the 1930s.